

Коптилеуова А.Б.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университет,
Қазақстан, Астана қ., e-mail: koptileuova.aidana@gmail.com

**XV ғ. – XVIII ғасырдың басындағы қазақ халқының
этникалық территориясының
қалыптасу тарихының зерттелуі
(XX ғасырдың 20 жж. дейін)**

Мақала «Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихы (XV ғ. – XVIII ғ. басы)» атты диссертациялық жұмыстың зерттелу тарихының алғашқы кезеңіне арналады. Автор қазақ халқының ру-тайпаларының қоныстануының территориялық аумақтарын XVIII ғасырдан бастап XX ғасырдың 20 жж. дейінгі аралықта жазылған еңбектерді талдау арқылы анықтауға тырысады. Зерттеу жұмысының барысында тарихилық, логикалық, жүйелілік тарихнамалық зерттеу әдістері қолданылып, тақырыпқа қатысты әдебиеттер жариялану мерзіміне қарай талданған. Осылайша В.В. Тевкелев, П. Рычков, Я.П. Гавердовский, А.И. Левшин, Ш.Ш. Уәлиханов, А.Н. Аристов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаевтардың еңбектеріне тарихнамалық сараптама жасалған. Мақаланың қорытындысында автор аталған ғалымдардың еңбектерінің ішінде Я.П. Гавердовский, А.И. Левшин, Ш.Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаевтың еңбектерінің қазақ ру-тайпаларының орналасу территорияларын анықтауда маңызын ерекше атап көрсетеді, себебі бұл әдебиеттердегі мәліметтер қазақ халқының құрамындағы ру-тайпалардың орналасу аумақтарын толық дерлік сипаттайды.

Түйін сөздер: тарихнама, ру-тайпалар, этникалық тарих, этникалық территория, қазақ тарихы, қазақ хандығы.

Koptileuova A.B.

The Eurasian University. L.N. Gumilyov,
Kazakhstan, Astana, e-mail: koptileuova.aidana@gmail.com

**The history of the study of the formation of the ethnic territory
of the Kazakh people of the XV century – the beginning of the XVIII century
(until the 20th century of the twentieth century)**

The article is devoted to the first period of the history of the study of the thesis «History of the formation of the ethnic territory of the Kazakh people (XV century – the beginning of the XVIII century)». The author tries to find out the territorial habitats of the tribes of the Kazakh people by analyzing the materials in the historiographical sources of the mid-18th century up to the twenties of the XX century. In the course of the research work historical, logical, systemic methods of historiographical research were used, the sources studied were analyzed by the time of their publication, beginning with the earliest. Thus, were made a historiographic analysis of the works of V.V. Tevkelev, P. Rychkov, Ya.P. Gaverdovski, A.I. Levshin, Sh.Sh. Valikhanov, A.N. Aristov, Sh. Qudaibirdiuly, M. Tynyshpaev. In conclusion, the author especially highlights the works of Ya.P. Gaverdovski, A.I. Levshin, Sh.Sh. Valikhanov and M. Tynyshpaev, where the most detailed descriptions of the territorial habitat of almost all Kazakh families and tribes are given.

Key words: historiography, clans and tribes, ethnic history, ethnic territory, Kazakh history, Kazakh khanate

Коптилеуова А.Б.

Евразийский университет им. Л.Н. Гумилева,
Казахстан, г. Астана, e-mail: koptileuova.aidana@gmail.com

**История изучения образования этнической территории
казахского народа XV в. – начала XVIII в.
(до 20 гг. XX века)**

Статья посвящена первому периоду истории изучения диссертационной работы «История образования этнической территории казахского народа (XV в. – начало XVIII в.)». Автор пытается выяснить территориальные площади обитания племен казахского народа путем анализа материалов в историографических источниках середины XVIII в. до 20 гг. XX века. В ходе исследовательской работы были использованы исторический, логический, системные методы историографического исследования, источники были проанализированы по времени их публикации, начиная с самого раннего. Таким образом, был проведен историографический анализ трудов В.В. Тевкелева, П. Рычкова, Я.П. Гавердовского, А.И. Левшина, Ш.Ш. Валиханова, А.Н. Аристова, Ш. Құдайбердіұлы, М. Тынышпаева. В заключении автор особенно выделяет труды Я.П. Гавердовского, А.И. Левшина, Ш.Ш. Валиханова и М. Тынышпаева, где даны наиболее подробные описания территориального обитания практически всех казахских родов и племен.

Ключевые слова: историография, роды и племена, этническая история, этническая территория, казахская история, казахское ханство.

Кіріспе

Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихының жеке тақырып ретінде зерттелуі кеңестік кезеңде басталды. Негізгі еңбек М.С. Мұқановтың жариялаған «XVIII ғ. – XX ғасырдың басындағы қазақтардың этникалық территориясы» және оның В. Востровпен бірігіп жазған «XIX ғасырдың аяғы мен – XX ғасырдағы қазақтардың ру-тайпалық құрамы мен орналасуы» деп аталады. Алайда, көріп отырғаныңыздай бұл еңбектердің және біздің диссертациялық зерттеуіміздің хронологиялық шеңберлері сәйкес келмейді. Зерттеу жұмысымыз Қазақ хандығының құрылуы мен Кіші жүздің Патша үкіметінің құрамына кіруіне дейінгі уақыт аралығын қамтымақ. Ал оған дейін бұл тақырып жалпы қазақ тарихының зерттелуі барысында немесе оған қатысты сұрақтардың арасында қамтылып отырды.

Өткеннен белгілі болғандай қазақ халқы мен оның тарихының зерттелуі XVIII ғасырдың бірінші жартысында болған оқиғалармен тығыз байланысты. Жаңа отар елді танып білу барысында көптеген экспедициялар ұйымдастырылып, елді зерттеу науқаны етек алды деп айта аламыз. Сол заманда жазылған еңбектердің арасында этникалық тарихқа қатысты, қазақтың ру-тайпалық құрамы, географиясы, көшпелі мал шаруашылығының жайылымдары, үш жүздің территориялық шекаралары, қазақ хандығының құрылуы, қазақ хандығының саяси тарихы сияқты мәселелердің зерттелуі біздің мақаламыздың зерттеу объектісі болмақ.

Қазақ ру-тайпаларының орналасуы зерттеулерде

Алғаш қазақ ордаларының тайпалары қоныстанатын аймақтар, яғни олардың этникалық шекаралары орыс елшісі В.В. Тевкелевтің жазбаларында кездеседі (Тевкелев, 2005). Ол әр жүздің әр тайпасының көші қон аумағын жекелеп көрсетпегенімен, қазақтың үш жүзінің қай жерлерде мекен еткенін жалпылама айтып кеткен: Ұлы жүз территориясы жоңғарлардың қоластында және Қытайға тәуелді; Орта жүздің тайпаларының бір бөлігі Тобыл өзенінің жоғарғы ағысында, ал қалғандары Ұлытау, Кішітау, Қойыршытаудан Есіл бойымен Ертіс өзенінің жоғарғы ағысына дейінгі аймақтарды мекендейді, Ертіс, Жайық және Ор өзендерінің арасында көшіп қонып жүреді; Кіші жүз Жайық өзенін бойлай және оның төменгі ағысынан Аралға дейін, Ембіден Каспий теңізіне дейін және Сырдарияның ортаңғы ағысына дейін көші қон жүргізеді (Тевкелев, 2005: 388-389). В.В. Тевкелевтің бұл ақпараты аса маңызды болмағанымен, ең ертеде жазылуымен құнды.

П. Рычковтың да қазақ жүздеріне берген сипаттамасының ауқымы осы құрылым шағын. Ол ұлы жүз тайпалары Кіші Бұқара, Түркістан, Ташкент қалаларының маңайында, Шыршық, Арыс, Талас (Каляс) өзендерінің аңғарларында көшіп қонады; Орта жүздің ең ірі руы найман, одан кейін арғын, керей және қыпшақтар Сарысу өзенінің, Есіл, Тобыл, Жалаң өзендерін маңайлайды; Кіші жүз қазақтары Орынборға ең жақын көшіп қонады, Обь, Бердам, Елек

өзендерінің бойын жайлайтынын айтып кеткен (Рычков, 2007: 195).

Қазақтың этникалық бөліктерінің территориялары туралы ақпараты тарихнамалық құндылығы жоғары еңбектердің бірі Я.П. Гавердовскийдің жазбаларынан алуға болады. Поручик қазақ халқының тарихы, географиясы және этнографиясын зерттеуде өзіне дейінгілерден алдына адам салмаған құнды еңбектің авторы. Ол өзінің 1804 жылы жарық көрген «Қырғыз-қазақ даласына шолу» атты еңбегінде ұлы жүздің 4 руының, орта жүздің ірілі-ұсақты 22 руының, кіші жүздің 42 ру-тармақтарының орналасу және көші қон территорияларын жазады (Гавердовский, 2007). Автордың айтуы бойынша, Ұлы жүздің дулат тайпалары Жоңғариядан Қытай шекарасын бойлай Құлжа, Қашқар қалаларынан Қоқанға дейінгі жерлерді игеріп, жазда Талас, Шыршық, Ангрен өзендері мен Ақтау және Шыңғыс-Шаған тауларын жайлау еткен (Гавердовский, 2007: 406). Сергам (сіргелі болуы мүмкін) тайпалары Сырдария бойымен оның Қуандария сағасына дейін және Алакөл-Алауаз көлдерінде қыстаса, жазда Сарысу мен Қарасуда өзендерін паналаған (Гавердовский, 2007: 406). Енді қаңлылар болса Сыр мен Ташкент арасында көшіп қонған (Гавердовский, 2007: 406). Орта жүздің наймандары Ертіс өзенінің жоғарғы ағысынан Зайсан көліне қарай Тарбағатай тауларының етегінде (Гавердовский, 2007: 407); арғындар Баянауыл, Қызылтау, Ұлытау Торғай, Нұра, Жетісуда (Гавердовский, 2007: 408); Қыпшақтар Есіл мен Обаған өзендері мен Жасын, Бағар шатқалдарында көшіп қонады (Гавердовский, 2007: 409); Кіші жүздің Әлімұлы, Байұлы және Жетірудың жеке тайпаларының қоныстары көрсетілген: алашалар Сырдың бойымен Қуандария аңғарын, Айғыртау, Қособа, Мұжақты, Бұқара жақтағы Торғауытқа дейін (Гавердовский, 2007: 414); жаппастар Сырдан төмен Қарақұмды жазда, қыста Қуандария, Жаңақала, Қорқыт ата, Сабынкөл, Тайқатқан шатқалдарын пайдаланған (Гавердовский, 2007: 414); алтын, таз, телеу рулары бір жайылымдарды қолданып қыстар Сыр, Қуандария, Түгіскен мен Ырғызды пайдаланса, жазда Торғай, Қарасай, Ұғаш-Кенділікөлді мекендейді (Гавердовский, 2007: 413); керейттер Сырдан Қуандарияға, Басыақтөбе, Қызылшалыны жаздап, Қызылқұмды Қарашатауға дейінгі аралықты қыстайды (Гавердовский, 2007: 416); қарасақалдар қыста Сыр, Қуандария, Сұлқұндық, Томартөбеде болса, жазда Түгіскен, Қаратөбе, Қаржұн, Төбекөл және Алдықарасай жерлерінде жайлауға қалған (Гавердовский,

2007: 417); қаракетелер жазда Белтөбені, Жуантөбені Ырғыз бен Бүгілтекені қолданған (Гавердовский, 2007: 414); шөмекейлер Сырдың маңайындағы Таскіші, Байкүзе, Қуаң өзені Айтымбет, Ашыркүл жақты, жазда Қарақұмнан өтіп Түгіскенге, одан Ырғыз бен Қарашатау арасы (Гавердовский, 2007: 415); төртқаралар – Сырдың бойындағы Майлыбай, Қуаң, Өткел, Ақшығанақ, Сырлытам бейіттеріне дейін қыста және жазда Қарақұм, Қалмас, Ырғыз, Бақсайты, Ұлырғыз жерлерін пайдаланған (Гавердовский, 2007: 415); шектілер – Қаратүн, Қаратөбе, Жыңғат, Дыңтау, Сорарық, Шалбыр және Бесаралда қыстап, жазға қарай солтүстік жаққа Арал теңізінің маңына Шығанақ, Көкдүмбек, Үлкен Борсық көлінен Ембі өзенінің жоғарғы ағысының алаптарын пайдаланған (Гавердовский, 2007: 416); адайлар Маңғыстау, Маңғышлақ және Арал теңізі маңайларын, ал байұлының басқа көптеген рулары Жайықты бойлай, Ембіні, Оралды Каспий теңізіне дейінгі жерлерді қоныс тебеді (Гавердовский, 2007: 417). Бұл өз заманына қарай барынша толық жазылған еңбек болып табылады, мұнда жайылым аумақтарынан басқа әр рудағы отбасы саны мен оның сол мезеттегі басшысының есімі, әрі сауда жасау жәрмеңке мен базарларының орындары көрсетілген. Автордың ру-тайпалардың орналасу территориялары туралы берген ақпараттары «XX ғасырдың басындағы қазақтар» атты этникалық картасындағы аталған ру-тайпалардың орналасу территорияларымен көп жағдайда сәйкес келеді, айырмашылық аз.

А.И. Левшин де үш жүздің барлық дерлік ру-тайпаларының этникалық территорияларын өзінің 1832 жылы жарық көрген белгілі «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ ордалары мен далаларының сипаттамасы» атты еңбегінде барынша сипаттап кеткен. Аталмыш еңбектің этнографиялық бөліміне арналған беттерде үш жүздің құрамына біріктірілген ру-тайпалар жалпылама алғанда келесі территорияларды мекендейді: қазақтың кіші жүзінің көшіп қону территориясын Сыр, Жанадария, Ембі көлдері мен Қара-Борсық құмдары; Төменгі Орал, Қаракөл; Орал, Елек, Ырғыз, Сағыз өзендері аралығында (Левшин, 1996: 292); орта жүздің көшу территориясы Торғай, Нұра, Тобыл, Ертіс, Есіл өзендері мен Тарбағатай, Аман-Қарағай таулы аймақтарына сай келеді (Левшин, 1996: 293); Ұлы жүздің көшу территориясы деп Шу, Талас, Іле, Қаратал, Көксу, Сарысу өзендері мен Қаратау, Тарбағатай тауларының жанында Жетісу жерін белгілеген (Левшин, 1996: 294) деген ақпарат ала аламыз. Мұндағы ру

тайпалардың орналасуында да айырмашылық аз. Мысалға жоғарыда аталып өткен «XX ғасырдың басындағы қазақтар» атты этникалық картамен салыстырғанда Левшиннің көрсеткен кіші жүздің әлімұлдарының орналасуы сәйкес келеді; арғындардың қонысы жалпылама жазылғанымен негізгі жайылым территориялары да аталған, оны картадан байқауға болады. Тек Левшин ұлы жүз руларының территорияларын бөлектеп жазып жатпаған, жалпылама бүтін жүздің территориясын көрсеткен.

Талданып отырған В.Н. Гавердовский мен А.Н. Левшиннің еңбектері жазылу мақсаты мен құрылымы жағынан өте ұқсас болып келеді. Екеуінің де еңбектері үлкен зерттеу жұмысы, алайда А.И. Левшиннің тарихшы болуы да еңбектің сапасын арттырғанын айта кету керек. Дегенмен Ш.Ш. Уәлиханов оның кітабынан бірқатар қателер тауып, ескертпелерін жазып қалдырғанын да ұмытпайық. В.Н. Гавердовский мен А.И. Левшиннің зерттеу жұмыстары біздің диссертациялық еңбегіміз үшін негізгі тарихнамалық құндылыққа ие әдебиеттер болмақ және кейінгі кезеңдердегі әдебиеттермен салыстырмалы талдаулар жасалуда қолданылмақ.

Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихының XX ғасырға дейінгі тарихнамасын айтқанда қазақтың шоқ жұлдызы атанған Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерін айналып өте алмайтынымыз анық. Жалпы қазақ тарихнамасында аталған кезеңге қатысты ХҮІІІ ғасырдан бастап елдің тарихы мен болмысын зерттеп-білу мақсатында келген саяхатшы ғалымдардың жазбаларынан өзге Шоқан зерттеулерінің маңызы ерекше, орны жоғары. Ғалымның «Ұлы жүздің қырғыз-қазақтары туралы», «Қырғыз шежіресі» атты еңбектері біздің зерттеуіміз үшін маңызды (Валиханов, 1984). Егерде орыс ғалымдары негізінен өздеріне территориялық жағынан да, саяси тұрғыдан да жақын болған Кіші жүз бен Орта жүзді егжей-тегжейлі зерттесе, Шоқанның еңбегі сол, ол қазақтың Ұлы жүзі туралы этникалық тұрғыда ақпарат қалдырған, соның ішінде ұлы жүздің кейбір тайпаларының мекені туралы да жазады. Сөйтіп ХҮІІІ ғасырдың ортасында Кіші Жетісу жерінде (солтүстігінде Іле өзені, оңтүстігінде Тянь-Шань, батысында Балқаштың оң жағалауы, шығысында Қытай шекарасы) ұлы жүздің басты екі руы дулат пен албан қоныстанған, ішінара шапыраштылар да бар дейді. Албандардың жайылымының батыс шекарасы Түрген өзені, олар тіпті азын аулақ салық төлеп қытай жерінде де мал жая береді екен. Албандардан батысқа

қарай дулаттар мен шапыраштылар аралас жайылымдарды қолданады, олардың көшіп-қону алабы Шу өзенінен асып Таласқа дейін, одан әрі ташкенттік қалаларға қарай созылып жатады. Ғалым дулат руларының ұлы жүздің құрамындағы басқа да рулардан ірілігімен, байлығымен, халық санының көптігімен және жайылымының кеңдігімен ерекшеленетінін алдыға тартады. Ш. Уәлиханов сол кездегі Кіші Алтай территориясының 1755 жылы Жоңғарлардың мемлекетінің жойылғанынан кейін қазақтың Ұлы жүзінің территориясына қосылғанын, бірақ 1840 жылға дейін Қытай қазынасына салық төлеп отырғанын да жасырып қалмайды. Алайда сол жылы шапыраштылардың батырлары аспан асты елінің әскерін Терең-Өзек түбіндегі шайқаста келмеске қайтарғанын айтады (Валиханов 1984: 180). Осылайша қазақтың Шоқаны орыс ғалымдарының еңбектерінде жазылмай кеткен ақтаңдақтардың орнын толықтырғандай Ұлы жүз тайпаларының территориялық межелерін сызып қалдырған.

Қарастырып отырған кезеңге қатысты қазақ ру-тайпаларының этникалық территориясының зерттелуінде тарихнамалық маңызы зор еңбектердің қатарында А.Н. Аристовтың «Ұлы жүз қырғыз-қазақтары мен қарақырғыздардың этникалық құрамын анықтау тәжірибесі» және «Түрік тайпалары мен халықтарының этникалық құрамы туралы жазбалар және олардың саны туралы мәліметтер» атты шығармалары бар (Аристов, 2007). Қазақ халқы үшін бұл еңбектердің құндылығы сол, автор әрбір ру туралы терең әрі мазмұнды зерттеу жүргізеді, олардың қоныстану территориясы, халық саны, таңбалары мен ұрандары, ру атауының этимологиялық анықтамасы жасалынған. А.Н. Аристов алғашқылардың бірі болып түрік тайпалардың жақындығын, тарихи сабақтастығын таңбасына қарап анықтау мәселесін көтерді. Алайда түрік тайпаларының шығу тегі мен өзара байланысын зерттеуге арналған бұл еңбекте территориялық аумақтар жалпылама берілген, жекелеген рулардың қоныстары туралы егжей-тегжейлі мәлімет аз. Кушнердің белгілеген этникалық шекараларды межелеудегі тілдің маңызы қалай жоғары болса (Кушнер, 1951: 26), қазақ ру тайпаларының этникалық тегінің, туыстық қатынастарын анықтауда А.Н. Аристовтың айтып отырған рулық таңбалар да соғұрлым маңызды екенін атап айтқан жөн.

Қазақ шежіресін жазуда аңыз әңгімелерді тарихи оқиғалармен сабақтастырып бірден бір деректік негіздемесін жасаған Шәкәрім

Құдайбердіұлы. Оның «Түрік, қырғыз-қазақ хандар шежіресінде» қазақ халқының тарихы Адам атадан бастау алып, қазақ хандығының жойылуымен аяқтайды (Құдайбердіұлы, 1991) Ақын қазақ халқын құраған үш жүздің құрамы мен орналасқан аумағына, ұлы және орта жүздің кейбір тайпаларының, соның ішінде арғындарға ерекше көңіл бөліп, тайпа атауларының этимологиялық мағыналарын және шығу тегін ашып көрсетеді. Бұл еңбектің маңызды ерекшеліктерінің бірі қазақ этнонимдерінің мән-мағынасының зерттелуінде. Сонымен бірге еңбектің терең ізденістердің нәтижесінде жазылғаны ортағасырлық «Тәбірі», «Тарих ғумуми», «Тарих антшар аласлам», «Түрік тарихы», «Шежіре түрік» деректері мен Аристотел, Радлов, Уәлихановтың еңбектерін пайдалануынан аңғарылады (Құдайбердіұлы, 1991: 6, 10, 16). Рашид ад-Дин, Нәжиб Ғасымбек, Әбілғазының шежірелерімен сабақтасып, заңды жалғасы болып табылатын Шәкәрім шежіресінде ұлы және орта жүздер, соның ішінде қаңлы, қыпшақ, қоңырат, керей, найман, уақ, тарақты, арғын руларының шығу тегі жазылған. Бізге маңыздысы ұлы жүздің мекені «Балқаш, яғни теңіз көліне құятын Қаратал өзенінен Сырдария хәм Шыршық өзеніне шейін» аумақты алып жатса (Құдайбердіұлы, 1991:33), орта жүз территориясы алғаш кезде «Сарыарқаның күншығысыменен оң тұс арасында» кейін «Лепсі, Қапал уездерінде, Жетісу облысында және Семей, Ақмола облыстарын түгел Сырдария, Торғай облыстарын» ішінара алып жатты (Құдайбердіұлы, 1991:35) дейді. Бұл мағлұматтар қазақ халқының этникалық территориясын сипаттап білуде дәлдігі әлсіз болғанымен тарихнамалық маңызын жоймайды.

Қазақ халқының ру-тайпаларының орналасу аумағы туралы жазылған еңбектер қатарында, қарастырылып отырған кезеңге қатысты М. Тынышпаевтың зерттеулерін айта аламыз. Қазақтардың этникалық тарихының тарихнамасында елеулі орын алатын «Қырғыз-қазақ руларының генеологиясы» және «Қырғыз-қазақтардың шығу тегі және қазақ хандығының пайда болу тарихы» еңбектері біздің зерттеуіміз үшін өте маңызды. Мысалға, ғалым жалайырлардың қоныс тебу аумағының бірнеше ғасырлар бойы өзгеріп отыруы туралы жазады, осылайша жалайырлар XVI ғасырдың аяғында Ұлытау мен Көкшетаудың арасын мекен етсе, жоңғар шапқыншылығының алдында Шу өңірін, ал ақтабан шұбырынды оқиғаларынан кейін қайтадан Бетпақдалаға, сосын XVIII ғасырдың

екінші жартысында Аягөз өзенін бойлап, XX ғасырда Қапал уезіне келіп орналасқанын айтады (Тынышпаев, 1925: 6). Сол сияқты арғын тайпалары Қаратаудың жоғары жағын XVI ғасырдың аяғына қарай мекендеп, ішінара Сарысу мен Ұлытау жерлерінде көші-қон жасаған, ал жоңғар шапқыншылығының тұсында Бетпақ даланың сусыз шөлдеріне тығылып, қырғыннан аман қалған дейді автор (Тынышпаев, 1925: 10). Найман тайпаларының қоныс өзгерту ареалдары 17 ғасырдың алғашқы ширегіне дейін Мерв пен Балхтан Сырдарияның төменгі ағысына дейін болса, ғасырдың екінші жартысында Әулие Ата тауларынан Қаратауды, Ташкенттен Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жеріне дейінгі аумақты иемденген, бір бөлігі Сырдарияның сол жағалауын мекендеген. Ал 18 ғасырдың екінші жартысында наймандар Қарқаралы уезіндегі Тоқырауын өзенінен Алтай мен Тарбағатай территориясында қоныс тепкен, наймандардың соңғы көші 19 ғасырдың басында еліміздің оңтүстігіне қарай болған (Тынышпаев, 1925: 14-18). Қазақ халқының құрамындағы іргелі рулардың бірі қоңыраттар 18 ғасырдың бірінші ширегіне дейін Сырдария өзенінен батысқа қарай өмір сүрген болса, жүзжылдықтың соңғы ширегінде Сырдарияның оң жағалауына қоныс тепті (Тынышпаев, 1925: 18-19).

Ғалымның айтуы бойынша, Қазақ хандығы Жәнібек ханның тұсында Алтын Орданың бір бөлігі болған, Хақназар ханның тұсында ғана дербестігін алып, Есім ханның билігі кезінде толыққанды мемлекетке айналған. Хақназар хан қазақ мемлекетінің территориялық аумағын кеңейтіп, оны бекіте түскен және деректер негізінде Хақназар ханның тұсында жаңа әкімшілік басқару формасы жүздер қалыптасқан. М. Тынышпаевтың бұл зерттеулерінің тарихнамалық құндылығы жоғары. Себебі жазып кеткеніміздей, белгілі бір рулардың көшіп қону территорияларының ғасырлар бойына өзгеруін зерттеуінде өз алдына адам салмайды деп батыл айта аламыз.

Қорытынды

Сонымен талданып отырған кезеңнің «Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихы (XV-XVIII ғ. басы)» тақырыбы үшін тарихнамалық маңызы жоғары екенін көріп отырмыз, себебі ең алдымен мәселе ғалымдар алдына зерттеу тақырыбы ретінде күн тәртібіне қойылды. Шындығында В.Н. Гаввердовский, А.И. Левшин, А.Н. Арис-

тов, Ш. Уәлиханов, М. Тынышпаевтың жасаған еңбектерінің біз үшін шоқтығы биік. Себебі ондай еңбектердің кейінгілері араға 50-150 жыл салып дүниеге келген. Тіпті қазіргі күннің өзінде, тақырыпқа қатысты, санаулы әдебиеттердің қатарында аталады. Алайда бұның өзі, жоғарыда айтқанымыздай, хронологиялық шеңбері бойынша біздің зерттеу жұмысымызға сай келмейді. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихы жеке тақырып ретінде зерттелмеген. Дегенмен М. Мұқанов атап өткендей қазақ халқының этникалық территориясы XVI-XVII ғасырлар аралығында қалыптасып біткен болса, бұл еңбектердің алды одан кейін бір жарым ғасырдан соң жазылған. Бірақ этностардың қалыптасу процестерінің заңдылықтарына сәйкес және де тағы бір жарым ғасырдан кейін (XX ғ. ортасы)

жүргізілген зерттеулердің нәтижесіндегі қазақ ру тайпаларының орналасу территорияларының арасындағы айырмашылықтың мардымсыздығы бізді жұбатады.

Сонымен қорытындылай келе, «Қазақ халқының этникалық территориясының қалыптасу тарихы (XV-XVIII ғ. басы)» атты зерттеу жұмысының тарихнамасында XX ғасырдың 20 жылдарына дейінгі жазылған әдебиеттердің маңызы жоғары екенін байқаймыз. Себебі бұл кезең қазақ халқының ұлан-ғайыр кең-байтақ территориясын зерттеудің негізі қаланған кезең. Жазылған әдебиеттер қажетті хронологиялық шеңберді қамтымағанымен, сол замандағы қалыптасқан жағдай мен қазақ халқының иемдеген территориясындағы этникалық межелер, көшіп-қону аумақтары туралы барынша кең түсініктер қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

Аристов А.Н., Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахского народа. Астана: «Алтын кітап», 2007. 252 с.
Валиханов Ч.Ч. (1984) Собрание сочинений в 5 томах. Т.1. Алматы.

История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. (2005) Т.3. Журналы и служебные записки В.В.Тевкелева по истории и этнографии Казахстана. Алматы: «Дайк-Пресс».

История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков (2007). Первые историко-географические описания казахских земель. XVIII в. Записки П.И. Рычкова о Казахстане и о казахах. Т. 4. Алматы: «ДайкПресс».

История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков (2007). Первые историко-географические описания казахских земель. Первая половина XIX в. Гавердовский Я.П. Обзорение киргиз-кайсацкой степи. Т.5. Алматы: «Дайк-Пресс».

Левшин А.И. (1996) Описание киргизкайсацких или киргизкайсацких орд и степей. Алматы: «Санат».

Кушнер (Кнышев) П.И. (1951) Этнические территории и этнические границы. Москва.

Құдайбердіұлы Ш. (1991) Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. Алматы.

Тынышпаев М. (1925) Материалы к истории киргиз-казахского народа. Ташкент.

References

Aristov A.N. Ethnogenesis i jetnicheskaja istorija kazahskogo naroda. [Ethnogenesis and ethnic history of the Kazakh people]. Astana: “Altyn kitap”, 2007.

Valikhanov Ch. (1984) Sbranie sochinenii v 5 tomah. [Collected works in 5 volumes]. T.1. Almaty.

Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI-XX vekov. (2005). [History of Kazakhstan in the Russian sources of the XVI-XX centuries. T.3. Journals and memoirs of V.V. Tevkelev on the history and ethnography of Kazakhstan]. Almaty: “Dyke-Press”.

Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI-XX vekov (2007). [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries. The first historical and geographical descriptions of Kazakh lands. XVIII century. Papers of P.I. Rychkov about Kazakhstan and the Kazakhs]. T.4. Almaty: “Dyke-Press”.

Istoriya Kazahstana v russkih istochnikah XVI-XX vekov (2007). [History of Kazakhstan in Russian sources of the XVI-XX centuries The first historical and geographical descriptions of Kazakh lands. The first half of the nineteenth century. Gaverdovskiy Ya.P. Survey of the Kirghiz-Kaisak steppe]. T.5. Almaty: “DykePress”.

Levshin A.I. (1996). Opisanie kirgizkaisac’ih ili kirgizkaisackih ord i stepei. [Description of Kirghiz Kazas or Kirghizkaisak hordes and steppes]. Almaty: Sanat.

Kushner (Knyshev) P.I. (1951) Ethnic Territories and Ethnic Borders. Moskva.

Qudaiberdiuly Sh. (1991) Turik, qyrgyz-qazaq ham handar shezhiresi. [Turkish, Kyrgyz-Kazakh epic Khan’s Chronicles]. Almaty.

Tynyshpaev M. (1925). Materialy k istorii kirgiz-kazahskogo naroda. [Materials on the history of the Kirghiz-Kazakh people]. Tashkent. 125 p.